

ПСИХОЛОГИЯ PSYCHOLOGY



XFTAP 04.51.69

К.А. Абенова¹, Г.Е.Амирбекова²

¹Нархоз Университеті, Алматы, Қазақстан

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

(E-mail: kulzada.abenova@narхоз.kz, mir_mmm@mail.ru.)

Аутизм синдромды балалардың қоғамға бейімделу мүмкіндіктері және «Асыл Мирас» аутизм орталығының тәжірибесі

Аннотация. «Аутизм синдромды балалардың қоғамға бейімделу мүмкіндіктері және «Асыл Мирас» аутизм орталығының тәжірибесі» мақаласында әлеуметтік жұмыстың ең өзекті мәселелерінің бірі – аутизм диагнозы қойылған балалардың қоғамға бейімделу үдерсіне арналған әлеуметтік технологияның қолжетімді әдістерімен қамтамасыз ету қарастырылады. Қоғамда көп айтыла бермейтін дерттің түрі болып табылатын аутизм - ми жұмыстарының бұзылғанынан туатын ауру. Осы мәселені зерттеген көптеген ғалымдар бұл дерттің 300-ге жуық себебін көрсетіп отыр. Бірақ бірде-бір дәлме-дәл келетін тұжырым аз.

Мақалада көптеген зерттеушілер аутизм бала анасының құрсағында болған кезде немесе туа салысымен миының дамуында кінәраттың болуы, мидың бір жағы өте жақсы жұмыс істесе, екінші жақ бөлшегінің нашар дамығандығы, хромосомиялық өзгерістер мен зат алмасудың бұзылуы, гендік деңгейдегі өзгерістердің болуынан болатындығын анықтап отыр.

Бүкіләлемдік проблемаға айналып отырған аутизм мәселесінен Қазақстан қоғамы да тысқары емес. Елімізде қатты қарқындылықпен өсіп жатқан аутист балаларды (2004 жылы 77 бала болса, 2018 жылы 3880 бала) қоғамға кіріктіру, оларға өмір сүру машықтарын игерту, сонымен қатар іспен шұғылдануға икемдеу, оған сай әлеуметтік технологиялар әзірлеудегі «Асыл Мирас» аутизм орталығында жүргізілген тәжірибенің нәтижелері көрсетілді.

Түйін сөздер: аутизм, әлеуметтік бейімделуі, сенсорлық интеграция, қазақстандық тәжірибе, «Асыл Мирас».

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2020-130-1-148-158>

Түсті: 3.12.19/ Қайта түзетілді: 3.02.20 / Жарияланымға рұқсат етілді: 4.02.20

Кіріспе. Әлеуметтік жұмыстың ең өзекті мәселелерінің бірі - аутизм балалардың қоғамға бейімделу үдерсін арналған әлеуметтік технологияның қолжетімді әдістерімен қамтамасыз ету болып табылады. Қоғамда көп айтыла бермейтін дерттің түрі болып табылатын аутизм ми жұмыстарының бұзылғанынан туатын ауру. Осы мәселені зерттеген көптеген ғалымдар бұл дерттің 300 жуық себебін көрсетіп отыр. Бірақ бір де бір дәлме дәл келетін тұжырым аз. Мұндай балалар ортамен қарым қатынаста өте сезімтал келеді. Көп жағдайда берілген әр түрлі ақпараттарды балалар қабылдай алмайды, олардың миының

сенсорлық жүйесі жұмыс істемейді, сондықтан да олар келген ақпараттардан қорғана бастайды. Егер дені сау баланың күші оның дамуына жұмсалатын болса, аутист балалардың күші қорғануға жұмсалады. Сол себепті ондай балалар өз әлемінде, ешкіммен араласпай, тіпті ең жақын адамы анасынан да қорқады.

Көптеген зерттеушілердің пікірінше аутизм бала анасының құрсағында болған кезде немесе туа салысымен миының дамуында кінәраттың болуы, мидың бір жағы өте жақсы жұмыс істесе, екінші жақ бөлшегінің нашар дамығандығы, хромосомиялық өзгерістер мен зат алмасудың бұзылуы, гендік деңгейдегі өзгерістердің болуынан болатындығын анықтап отыр.

Бүкіл әлемдік проблемаға айналып отырған Аутистік спектрдің ауытқулары (АСА) мәселесінен Қазақстан қоғамы да тысқары емес. Елімізде қатты қарқындылықпен өсіп жатқан аутист балаларды (2004 жылы 77 бала болса, 2018 жылы 3880 бала) қоғамға кіріктіру, оларға өмір сүру машықтарын игерту, сонымен қатар іспен шұғылдануға икемдеу, оған сай әлеуметтік технологиялар әзірлеу тез шешуді қажет ететін мәселелер. Осылардың барлығы біз қарастыратын тақырыптың өзектігін көрсетеді.

«Аутизм» термині (грек тілінен «autos» – «өзім») 1908-1912 жж. Швейцария психиатр Э. Блейлер енгізді. Шизофренияның төрт «А» ұғымы – аффектің төмендеуі, аутизм, ассоциациялардың бұзылуы, амбиваленттілік. Э. Блейлер өзінің «Аутистік ойлау» кітабында аутизмді адамның ойлауы мен оның аффективтік саласы ішкі эмоциялық қажеттіліктермен реттелетін және нақты шындыққа аз тәуелді болатын және ішкі күйзелістердің автономды әлеміне сыртқы дүниеден кетумен бірге жүретін психикалық аурулардың симптомы мен нысаны ретінде түсіндірген. [1].

Аутизм туралы түсініктің дамуының донозологиялық кезеңі - XIX ғасырдың аяғы. Доканнеровский кезеңінде (XX ғасырдың 20-40 жж.) балалардың шизоидия және «бос» аутизм мүмкіндіктері туралы сұрақтар қойылды.


Аутизмді шизофрениядан ерекшеленетін клиникалық психопатологиялық жағдай ретінде қарастыра бастады. Каннер кезеңі. 1943 жылы бала аутизмінің толық сипаттамасын берді, оны «инфантильді аутизм» деп атады. Аутизмнің жалпы сипаттамасы берген Journal of Pediatrics (1944) «ерте балалар аутизмі» атты мақаласы классикалық болды - мұндай балалар «өзін-өзі жеткілікті», «өз қабығында өмір сүреді», «әсіресе бақытты, оларды тыныштықта қалдырғанда», «олардың айналасында ешкім жоқ сияқты өздерін ұстайды», «айналадағыларды байқамайды», «әлеуметтік жағдайларға ықылас танытпайды, оны жасағысы да келмейді»-деп көрсеткен болатын [2].

Аутизмге ұшыраған балалардың көру арқылы есте сақтау қабілеті жоғары болады, сол себептен мұндай балаларға көбінесе негізінде демонстрация әдісі ауқымды оқыту әдістемесі ретінде қолданылуда. Сонымен қатар, мұндай балалар музыка, математика бойынша аса дарынды және де бірнеше тілдерді меңгерулері де әбден мүмкін. Бұл тұрғыда көптеген белгілі тұлғалардың жас кездерінде аутизм синдромына шалдыққаны белгілі, ауыруға шалдыққандарымен олардың өз армандарын жүзеге асыруларына кедергі бола алған жоқ. Аутизм дертіне шалдыққан балаларға тән дағдылар әдеттегі жастан кейінірек байқалады. Яғни сол себепті, аутизм синдромы бар балалар арнайы интернаттарда емес, отбасы жағдайында тәрбиеленулері тиіс дейді - ғалым Е.А. Янушко [3].

Статистика дүниежүзі бойынша аутизм ауыруымен ауыратын адамдар саны 65 миллионнан асқандығын көрсетіп отыр. Біздің елімізде де аутизм синдромына шалдыққан балалардың саны күрт өсуде.

Германия, АҚШ, Жапония, Швеция елдерінің психиатр мамандарының пікірінше 10000 баланың 4-тен 26-ға дейінгі жиілікте жас балалардың аутизм синдромына шалдығатыны анықталды. Осы және басқа да елдердің мамандарының ізденісімен бұл балаларды оқыту ТЕЕСН, Монтессори, Вальдорф, Т. Питерс және т.б. бағдарламаларына сай түзету-педагогикалық әдістермен жүзеге асырылуда. Осы мәселені қарастырған

ғалымдардың еңбектеріне қарап жалпы дүние жүзінде аутистік спектрдің ауытқулары (АСА) жыл өткен сайын артып келе жатқанын байқауға болады (1 сурет).



1-сурет - Дүние жүзі бойынша АСА таралымы, 1 аутист

Ескерту: [3] әдебиет негізінде автормен құрастырылған

Ауруларды бақылау және алдын алу орталықтары (CDC) аутизмнің таралуын Құрама Штаттарда 59 баланың 1-і ретінде бағалайды. Бағалау бойынша, 42 ұлдың 1-і және 189 қыздың 1-і Америка Құрама Штаттарында аутизммен диагностикаланған. Ұлдар қыздарға қарағанда 4,5 есе жиі аутизм бар. Бағалау бойынша, Аутистік спектрдің ауытқулары (АСА) АҚШ-та 3 миллионнан астам адамды қозғайды. Аутизм АҚШ-та дамудағы ең жылдам өсіп келе жатқан елеулі ел. Аутизмды емдеуге жылына 268 миллиард доллардан астам қаражат жұмсалады, бұл келесі онжылдықта айтарлықтай артады деп күтілуде. Аутизм үшін медициналық тексеру немесе белгілі ем табылмайтындығына қарамастан, мыңдаған бала ерте диагностика және тиімді араласуларды қолдану нәтижесінде айтарлықтай жақсарды. Таралу көрсеткішінің артуы тек жақсы диагнозмен түсіндірілмейді. Олардың кейбіреулері аутизм ұзақ жылдармен салыстырғанда бүгінгі күні жақсы диагностикаланады және көптеген ақыл-ой кемшілігі аутизм ретінде кодталады деп болжады [4].

Аутизм синдромы - бала дамуындағы ерте жас кезеңіндегі ауытқушылықтың ауқымды түрі, бұл дерт әлеуметтік қоршаған ортамен қарым-қатынас орнатудың болмауын білдіреді. Қазіргі кезде бұл аурудың пайда болуының нақты себептері толығымен айқындалмаған, дегенмен де көптеген ғалымдардың өздерінің зерттеулерінде аутизмнің туындау себебі ол- орталық жүйке жүйесінің бұзылу, деген тұжырымға тоқталады. Сондай-ақ, тұқымқуалаушылық фактордың да әсері бар және аутист балалардың миларында органикалық зақымдалу да жиі кездеседі екен.

Көптеген зерттеулерде аутизмнің себептері ретінде: тұқымқуалаушылық хромосомалық өзгерістерді, зат алмасу өзгерістерін, анасының жүктілік кезінде және туу кезіндегі алған жарақаттар, нейро инфекциялар т.б. жағымсыз әсерлер көрсетілген.

1920 жылы Данияда аутизмі бар балаларға арналған алғашқы мектеп ашылып, оқытыла бастаған. Мұндай орындар аутизмге шалдыққан балаларды ерекшеліктеріне сай оқытып, тәрбиелеп, дамыту жұмыстарын жүргізген. 1960-70 жылдарда ғана алғаш рет АҚШ пен Батыс Еуропа елдерінде аутизм синдромы бар балаларға арналған арнайы көмек көрсету орындары қалыптасып, кеңес беріле бастаған.

Аутизмге шалдыққан балалардың әлеуметтік тұрғыдан жетілдірілуі көп жағдайда, оның отбасының әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық қолдауына тікелей байланысты. Яғни, баланың мәселелерін дер кезінде анықтап, оған дәрігерлер, психологтар, педагог-дефектологтар, әлеуметтік қызметкерлер т.б. тарапынан көрсетілетін көмектер және қолдауды ерте жастан қажет болған уақытта көрсету және ата-аналардың қолдауы, келісімі, әр-түрлі жаттығуларды үйден қайталауы негізінде ғана нәтижеге қол жеткізеді. Аутист балалар өздерінің мүмкіндіктеріне және мінез-құлықтарының ерекшеліктеріне сай, жалпы білім беру бағдарламаларымен бірге арнайы (коррекциялық) білім беру ұйымдарының бағдарламалары бойынша тәрбиеленеді, осылармен бірге медициналық көмектер, емдеу процедуралары қатар жүруі тиіс.

Қазіргі кезде мұндай балаларды ауру немесе ауырады дегендердің қатарына жатқызбай, оның дамуы мен білім алуында белгілі бір жайлы жағдай мен тәсілді қажет ететін «өзгеше бала» деп санау қабылданған.

Аутизм синдромына шалдыққан балалардың клиникалық сипаты олардың барлық нарседен оқшау қалулары, қарым-қатынасқа түсе алмаулары, басқа адамдарды және заттарды байқамауы, еліктеу сезімдерінің болмауы, комфорт және дискомфортқа қатынастары және де бірқалыпты (тұйық) мінез-құлықтарымен ерекшеленеді. Өзіміз көріп отырғандай мұндай балалар медициналық тұрғыдан ауыру болып есептелгенімен негізінен өзіндік ерекшеліктері бар балалар болып табылады. Сондықтан да олармен жұмыс жасаудың өзі аса кәсібилікті және жауапкершілікті қажет етеді, олай болмаған жағдайда олар шын мәніндегі ауыру балаларға айналады. Демек, олармен жұмыс жасаудың өзіндік амал-тәсілдерінің ерекшеліктері бар [5].

Аутизм синдромы бар балаларды оқыту және тәрбиелеуде жаңа технологияларды қолдану маңызды, өйткені оларда оқу материалын визуалды түрде елестете алу қабілеті қалыптасып, дамиды. Оларға ақпаратты жайдан, күрделіге қарай ұстанымына сай беру де маңызды және де ақпаратты көрнекі түрде демонстрациялау қандай іс-әрекет болсын оны әсерлі етіп көрсетеді. Өз кезегінде бұл арнайы оқытуға да ықпал етеді. Қазіргі кездегі заманауи құралдар, диагностикалық әдістер және технологияларды қолдану баланың соның ішінде аутист баланың қызығушылығын оятады. Бұл технологиялар аутист балаға өзінің функциясын анықтап, сол кезде пайда болатын объективті қиындықтарды табуға, оларды қолжетімді тәсілмен жеңуге көмектеседі [6].

Сонымен қатар мұндай балалардың ерекшелігіне қарай физикалық және сөйлеу терапияларын да қолданған тиімді. Баланың оқшау қалуы, оның мақсатсыз жоғалуын, және қорқыныш сезімін жою үшін анималотерапия әдісінің де (арнайы үйретілген иттер, аттар және дельфиндер) ықпалы зор. Бұл терапияны қолдану барысында мысалы дельфиндерден бөлінетін жоғары жиілікті солардың әсерінен баладан бақыт гармондары бөлінеді және гармондар ми қызметіне әсер етіп, баланың көңіл-күйін жақсартады.

Демек, аутизмі дертіне шалдыққан балалармен жұмыс жүргізу барысында жоғарыда көрсетілген, тәжірибеде тексерілген түрлі технологияларды қолдану - баланың сауығуына жан-жақты мүмкіндік береді және ең алдымен баламен қарым-қатынас орнату жеңілдейді, қызығушылықтары артып өмірге құлшынысы артады. Түзету-оқыту процесінде әртүрлі технологияларды қолдану бала ағзасының компенсаторлы мүмкіндіктерін белсендендіреді, ауытқушылықтарды жеңуге оның алдын алуға мүмкіндіктер туғызады. Осы компенсаторлы мүмкіндіктер негізінде өзіндік ерекшелігі бар балалардың қабылдаудың сақталған түрін жүзеге асыру, және баланың психикалық функцияларын дамыту қолайлы жүзеге асады [7].

Аутизм диагнозы бар балалардың сөйлеуін, қарым-қатынасын, психикалық процестерін «Ойын технологиясы» арқылы да емдеуге болады, мұнда негізінен ойын элементтерін қолдану арқылы дұрыс дағдыларды қалыптастыру көзделеді. Ауқымды оқыту әдістемесі бойынша аутизмі бар балалардың есте сақтау қабілеттері дамытылады. Ал, сенсорлы интеграциялау әдісі негізінде аутизмі бар балалардың қоршаған ортамен

байланысы қалыптастырылады. Келесі, ақпараттық технологияны қолдану әдісінде «Дэльфа - 142,1» тренажеры қолданылады мұнда аутизм синдромы бар баланың сөйлеу тілін жаттықтырады. Аутизм синдромына шалдыққан балаларды оқыту, сөйлету яғни сөйлеу тілін қалыптастыру мақсатында және психикалық процесстерді дамытуда заманауи әдістерді, технологияларды дұрыс қолдану процесінде мысалы, аутист балалардың психикалық функциялары дамытылған, қызығушылықтары артқан, қарым-қатынас жасаулары жетілдірілген сияқты сандық және сапалық өзгерістердің болатынын зерттеушілер атап өткен. Демек, қоғамның және білім беру жүйесінің қазіргі кездегі жаңа инновациялық технологияларды қолдануы қомақты үлес қосуда [8].

«Асыл Мирас» ҚҚ аутистік спектрдің ауытқулары (АСА) бар балалармен жүргізген жұмыстарын талдау. Аутизм - бұл тек Қазақстанның ғана емес, бүкіл мемлекеттердің ең өзекті проблемаларының бірі. Аутизм өркениет ауруы деп аталады. Біздің елімізде, өкінішке орай, бұл диагнозға қатысты кешенді көмек туралы айтпағанда, дұрыс және уақтылы диагностика жоқ, ал әлемдік статистика аутизмнің нақты індетке айналғанын көрсетіп отыр. Дүниежүзілік Денсаулық сақтау Ұйымы мәліметтері бойынша, осындай диагнозы бар балалар саны жылына 13 пайызға өсіп отыр. Ал американдық статистика бойынша мұндай бұзылулар 68 баланың бірінде кездеседі.

Аутизм мәселесі жаһандық болып табылады. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының деректері бойынша аутистік спектр ауытқуы (АСА) бұзылуы Жер халқының шамамен 1% - да кездеседі, соңғы 10 жылда әлемде аутизм диагнозы бар балалар саны он есе артты және жыл сайын олардың саны 13 пайызға артты. Сарапшылардың бағалауы бойынша, әлемде 67 жаңа туған баланың 1-нен аутистік спектрдің ауытқуы бар екендігін көруге болады. Аутизмнің пайда болу және таралу себептері әлі күнге дейін аз зерттелген, Қазақстанда осы аурумен байланысты күрделі проблемалардың бүкіл кешенін шешумен жақында айналыса бастады [9].

Қазақстанның ірі кәсіпкері Болат Өтемұратовтың «Асыл Мирас» Жеке Қайырымдылық қоры Алматыда аутизмге шалдыққан балаларға арналған алғашқы орталықты 2015 жылы ашты. Орталық - «Аутизм. «Ашық Әлем» қоғамдық қоры - аутизммен ауыртын балалар, олардың ата-аналарының бірлестігі. Аталмыш қор қазіргі күні Нұр-Сұлтанда, Қызылорда мен Оралда, Өскемен мен Шымкент, Ақтөбе мен Петеропавл қалаларында ашылған.

«Асыл Мирас» аутизм орталықтары аутистік спектрдің ауытқулары (АСА) бар балалар мен олардың ата-аналары кәсіби мамандардың көпфункционалды көмегін алады. Баланы жеке оңалту курсы 6 айға есептелген, Алматыдағы «Асыл Мирас» орталығы бір мезгілде 90 балаға кешенді көмек көрсете алады.

Қазақстанда аутизммен ауыратын балалардың саны жыл сайын арта түсуде (2-сурет). Еліміздегі ең өзекті мәселелердің бірі аутизммен ауыратын балаларға диагноз қоятын, емдеу шараларын ұйымдастыратын білікті дәрігерлердің саны өте аз. Мысалы, Алматы қаласы бойынша 37 емханаға 4 балалар неврологиясы дәрігері ғана бар екен. Арнайы медициналық арнайы сараптамадан өткен балалардың саны 2003 жылы 77 бала болса, 2017 жылы олардың саны 3820 болып, аутизм диагнозымен ауыратындар 14 жылдың ішінде 50 есеге өскендігін көруге болады.




2-сурет - 2003-2017 жж Қазақстандағы аутизм дертіне шалдыққан балалардың саны, адам

Ескерту: [10] әдебиет негізінде автормен құрастырылған

Бұл ресми түрде, көбіне қалада тұратындардың статистикалық мәліметі. Ал ауылдық жерлердегі балалардың жағдайы туралы арнайы мәліметтер жоқ. 2015 жылы ашылған «Алтын Мирас» орталығы арнаулы шет елдерде нәтижесін көрсеткен арнаулы бағдарламаларды ұсынады. Онда бала, оның ата-анасы ерікті түрде осы орталыққа 6 ай көлемінде, аптасына 3 реттен келіп арнаулы курстардан өтеді.


Дамыған елдерде «Аутизм. Әлем барлығы үшін бір» аутизмді түзетудің екі әдісін енгізуде: біріншісі-классикалық, баламен әлеуметтік-коммуникативтік және танымдық сфераны, тілдік және күнделікті өмір дағдыларын дамытады. Баламен бірге 4 маман жұмыс істейді: психолог, дефектолог, логопед және әлеуметтік педагог. Екінші жұмыс әдісі-бұл АВА терапиясы, ол тілдік және базалық мінез-құлық дағдыларын бағалауға құрылады, бұл ретте әрбір бала үшін жеке педагог көзделген. Барлығы 544 дағдыны бөліп, соның негізінде әрбір бала үшін жеке бағдарламалар құрайды. «Асыл Мирас» Орталығының әр маманы мінез-құлықты қолданбалы талдау, аутизм диагностикасы, сенсорлық интеграция, сондай-ақ басқа да мамандандырылған курстар бойынша оқыту тренингтерін өткізеді. Бағдарлама аясында мамандарды өз орталықтары үшін оқыту, ал одан әрі-Қазақстанның барлық мамандарымен әдіснамалық және практикалық біліммен бөлісуді көздейді [11].

Төмендегі суретте көрсетілгендей, «бағдарламаға жазылған», «диагноз аутист ретінде қойылған», «қойылған диагноз расталған», «бағдарламаға кірген» мәліметтері бойынша жұмыс жүргізілген балалардың сандық көрсеткіші берілген. Бұл көрсеткіш бойынша бағдарламаға жазылушылардың саны күрт асқанын байқауға болды. Ал қойылған диагноз бен оның расталуының көрсеткіші шамалас. Ал бағдарламаға кіріп, емделу нәтижесі орташа деңгейде екенін байқауға болады. Әрине аутизм ол ұзақ емделетін, нәтижесін бірден көрсете қоятын ауру емес. Бұл мәселені дамыған елдердің өзі шеше алмай отыр.



3-сурет - «Асыл Мирас» аутизм орталығындағы балалардың саны
Ескерту: [10] әдебиет негізінде автормен құрастырылған

Келесі суретте арнаулы программаға кірген балалармен жұмыстың 4 баллдық шкала негізінде бағалауы бойынша емделу курстарының нәтижесі көрсетілген. Олардың ішінде балаға ерте диагноз қою және ерте қолдау жұмыстары айтарлықтай нәтиже көрсеткенін байқауға болады. Одан кейін Джаспер технологиясының көрсеткіші тұр. Емделуге келгенге дейін 0,61 балл болса, 6 айдан кейін ол көрсеткіш 1,61 баллды көрсеткен. Ал әлеуметтік дағдыларды игерту, өмірлік дағдыларға үйрету басқаларымен салыстырғанда орташа нәтиже көрсетсе (бағдарламаға келгенге дейін 0,69, 0,52 балл болса, курстан кейін 1,22, 0,84 балды көрсетіп тұр). Ал оқу дағдылары бойынша көрсеткіш төмен деп бағалауға болады [12, 45 б.].




4-сурет – «Асыл Мирас» аутизм орталығында жүргізілген бағдарламалардың нәтижесінде балалардың өзгеру динамикасы
Ескерту: [13] автормен құрастырылған

Суреттен «Асыл Мирас» аутизм орталығындағы жүргізілген бағдарламалардың нәтижесінен олардың өзгеру динамикасын байқауға болады. Орталықтың негізгі қызметі - аутистік бұзылулары бар балаларға әлеуметтенуге және толыққанды өмір сүруге көмектесу. Қордың міндеті - Қазақстанды әлемдік деңгейдегі оңалту бағдарламаларымен қамтамасыз ету. Сондықтан Қор - «Ашық Әлем» ҚҚ, сондай-ақ оңалту бойынша жетекші әлемдік мамандармен жұмыс істейді. «Аутизм. Әлем барлығы үшін бір» олар жылына кемінде 1 000 отбасына әлеуметтендіруге және оңалтуға көмектесу, сонымен қатар Қазақстанда халқының 15 пайызына аутизм мәселесі туралы алғашқы білім беру болып табылады [14].

Қазіргі таңда орталықта Қазақстанның жетекші сарапшыларымен, сондай-ақ аутизм мәселелерінде шет елдердің (Америка, Ресей) озық технологиялары бойынша білім алған қырық маман, психологтар мен педагогтар тұратын пәнаралық топ жұмыс істейді. Мамандардың жұмысы балалардың әлеуметтік ортаға тезірек бейімделуіне баса назар аударатын мінез-құлықтың қолданбалы талдауын қолдану әдісіне негізделген.

Сонымен қатар орталықта мамандар аутизмнің болу себептері, олармен жұмыс жүргізудің отандық және шетелдік тәжірибесін зерттейтін, ғылыми жұмыстармен де айналысады. Мысалы орталық ұсынған бағдарламаға қатысқан балалардың даму прогрессіне байланысты жүргізіліген ғылыми жұмыстың нәтижесінде 5 бағдарламаның ішінде Джаспер технологиясының нәтижесінің жоғары екендігін байқауға болады.



5-сурет – «Асыл Мирас» аутизм орталығындағы бағдарламаға қатысқан балалардың даму прогрессі

Ескерту: [15] әдебиет негізінде автормен құрастырылған

Қорытынды. Қорытындылай келе, аутизм дертіне шалдыққан балаға өз проблемаларын жеңу үшін мамандар мен барлық қоғам мүшелерінің көмегі қажет, өйткені тек қоғамда мұндай баланың басқа адамдармен бірге өмір сүруге үйрену мүмкіндігі бар. Болат Өтемұратовтың «Асыл Мирас» Жеке Қайырымдылық Қорының Бағдарламасы «Аутизм. Әлем барлығы үшін бір» - аутизмге шалдыққан адамдарға қатысты қоғамдық пікірді өзгертуге, бағдарламаны мемлекеттік деңгейде енгізуге ықпал етуге және «аутистік спектрдің бұзылуы» диагнозы бар балаларға және олардың отбасыларына Қазақстан қоғамының толыққанды мүшесі болуға мүмкіндік беруге бағытталған.

Әдебиеттер тізімі

1. Блейлер Э. Аутистическое мышление. Аффективность. Внушение. Паранойя. - М: Издательство ИД Алеев-Пресс, 2018. - 214 с.
2. Лебединская К.С., Никольская О.С. Дефектологические проблемы раннего детского аутизма. Сообщение 2 // Дефектология. - 1988. - №2. - С. 10-15.
3. Никольская О.С., Баенская Е.Р., Либлинг М.М., Костин И.А., Веденина М.Ю., Аршатский А.В., Аршатская О.С. Дети и подростки с аутизмом. Психологическое сопровождение. - М.: Тервинф, 2008.- 224 с.
4. Янушко Е.А. Игры с аутичным ребенком. Установление контакта, способы взаимодействия, развитие речи, психотерапия - М.: Тервинф, 2004. - 136 с.
5. Астапов В.М. Коррекционная педагогика с основами нейро-и патопсихологии. 3-е изд., испр. и доп. Учебное пособие для вузов. - М.: «Юрайт», 2019. - 161 с.
6. Гилберт К., Питерс Т. Аутизм. Медицинское и педагогическое воздействие. Книга для педагогов-дефектологов. - Пер. с англ. Деряевой О.В. Под науч. ред. Шипицыной Л.М., Исаева Д.Н. - М.: Владос, 2005.- 144 с.
7. Лебединский В.В., Никольская О.С., Баенская Е.Р., Либлинг М.М. Эмоциональные нарушения в детском возрасте и их коррекция. - М.: Изд-во МГУ, 1990. - 197 с.
8. Мамайчук И. И. Психокоррекционные технологии для детей с проблемами в развитии. - СПб.: Речь, 2006. - 400 стр.
9. Жалпы білім беру процесінде ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды қолдау бойынша педагог-ассистенттерге арналған әдістемелік ұсынымдар. - Астана: БІ. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2018. - 96 б.
10. Аршатская О. С. Психологическая помощь детям раннего возраста при формирующемся синдроме детского аутизма: взаимодействие специалистов и родителей // Дошкольное воспитание, 2006. - № 8. - С. 63-70.
11. Никольская О.С., Баенская Е.Р., Либлинг М.М., Костин И.А., Веденина М.Ю., Аршатский А.В., Аршатская О.С. Аутизм: возрастные особенности и психологическая помощь . - М.:Полиграф сервис, 2003. – 232 с.
12. Саенко Ю. В. Специальная психология / Ю. В. Саенко. - Таганрог: ТИУиЭ, 2018.- 142 с.
13. Обучение детей с нарушениями интеллектуального развития: (Олигофренопедагогика): Учеб. пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений / Пузанов Б.П., Коняева Н.П., Горский Б.Б.и др. Под ред. Пузанова Б.П. М.: Издательский центр «Академия», 2001. - 272 с.
14. Информационно-методический сборник материалов по оказанию услуг в сфере культуры детям с РАС. Для специалистов культурно-досуговых учреждений. / Сост. Сургутсков С.С. - Ханты-Мансийск, 2018. - 35 с.
15. Барбера Мэри Линч, Расмуссен Треиси. Детский аутизм и вербально-поведенческий подход. Обучение детей с аутизмом и связанными расстройствами. Пер. с англ. Д.Г. Сергеева. Предисл. к рус. изд. Ромека В.Г.; предисл. М. Сандберга. - 2-е изд. - Екатеринбург: Рама Паблишинг, 2017. - 304 с.

К.А.Абенова¹, Г. Е.Амирбекова²

¹Университет Нархоз, г. Алматы, Казахстан

²Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Возможности адаптации для детей с синдромом аутизма в обществе и опыт центра «Асыл Мирас»

Аннотация. Способность детей с синдромом аутизма адаптироваться к обществу, предоставление им доступных социальных инструментов являются одними из наиболее актуальных проблем социальной работы, связанной с данным диагнозом. Аутизм - распространенное заболевание нервной системы. Многие ученые изучали данную проблему, они указывают около 300 причин расстройства, но выводов пока недостаточно.

В данной статье приводятся результаты исследований ученых, которые обнаружили, что предпосылки к аутизму могут развиваться у плода в утробе матери или вследствие нарушения развития головного мозга, когда одна сторона мозга работает хорошо, а другая недостаточно развита из-за хромосомных изменений и нарушения обмена веществ.

Аутизм как мировая проблема затрагивает и казахстанское общество. Резко возрастает число детей-аутистов (в 2004 году - 77 детей, в 2018 году - 3880 детей). В статье приводится опыт работы центра «Асыл Мирас» по адаптации детей-аутистов к обществу, выработке у них жизненно необходимых навыков, а также рассматриваются вопросы разработки соответствующих социальных технологий и их применения.

Ключевые слова: аутизм, социальная адаптация, сенсорная интеграция, казахстанский опыт, «Асыл Мирас».

K.A.Abenova¹, G.Y.Amirbekova²

¹ *Narxoz University, Almaty, Kazakhstan*

² *Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan*

Opportunities to adapt for children with autism syndrome in society and the experience of center “Asyl Miras”

Abstract. The ability of children with autism to adapt to society and provide them with accessible social tools are among the most pressing problems of social work related to this diagnosis. Autism is a common disease of the nervous system. Many scientists have studied this problem, they indicate about 300 causes of the disorder, but the conclusions are still insufficient.

This article presents the results of research by scientists who found that the prerequisites for autism can develop in the fetus in the womb or due to a violation of brain development, when one side of the brain is working well, and the other is not developed enough due to chromosomal changes and metabolic disorders.

Autism as a global problem affects in the Kazakh society. The number of autistic children are increasing rapidly (in 2004-77 children, in 2018 - 3880 children). The article describes the experience of the center “Asyl Miras” in adapting autistic children to society, developing their vital skills, and also discusses the development of appropriate social technologies and their application.

Keywords: autism, social adaptation, sensory integration, Kazakhstan experience, “Asyl Miras”.

References

1. Bleyler E. Autisticheskoe myshlenie. Affektivnost' vnushenie paranojja [Autistic thinking. Affectiveness suggestion paranoia] (Publishing House ID Alef-Press, Moscow, 2018, 214 p.).
2. Lebedinskaya K.S., Nikolskaya O.S. Defektologicheskie problemy rannego detskogo autizma. Soobshhenie 2 [Defectological problems of early childhood autism. Message 2], Defektologija [Defectology], 2, 10-15 (1988).
3. Nikolskaya O.S., Baenskaya E.R., Libling M.M., Kostin I.A., Vedenina M.Yu., Arshatskiy A.V., Arshatskaya O.S. Deti i подростки s autizmom. Psihologicheskoe soprovozhdenie [Children and teenagers with autism. Psychological support] (Terefinf Publishing House, Moscow, 2011, 224 p.).
4. Yanushko E.A. Igry s autichnym rebenkom. Ustanovlenie kontakta, sposoby vzaimodejstviya, razvitie rechi, psixoterapiya [Games with autistic child. Making contact, ways of interaction, speech development, and psychotherapy] (Terefinf Publishing House, Moscow, 2014, 136 p.).
5. Astapov V. M. Korrekcionnaja pedagogika s osnovami nejro-i patopsihologii [Corrective pedagogy with the basics of neuro and pathopsychology]. Tutorial, 3rd ed., rev. and add (Yurayt Publishing House, Moscow, 2019, 161 p.).
6. Gilbert K., Piters T. Autizm. Medicinskoe i pedagogicheskoe vozdejstvie. Kniga dlja pedagogov-defektologov [Autism. Medical and Pedagogical impact. Book for educators-defectologist]. Translation from English Deryaeva O.V. Scientific Editors Shipicyna L.M., Isaev D.N. (Vlados, Moscow, 2005, 144 p.).

7. Lebedinskiy V.V., Nikolskaya O.S., Bayenskaya E.R., Libling M.M. Jemocional'nye narusheniya v detskom vozraste i ih korrekciya [Emotional violation in childhood and its correction] (Publishing House MGU, Moscow, 1990, 197 p.).
8. Mamaychuk I.I. Psihokorrekcionnye tehnologii dlja detej s problemami v razvitii [Psychocorrectional technologies for children with developmental problems] (Rech' Publishing House, St. Petersburg, 2006, 400 p.).
9. Zhalpy bilim beru procesinde erekshe bilim beruge kazhettiligi bar balalardy koldau bojnynsha pedagog-assistentterge arналған adistemelik usynymdar [Methodical instructions for educators-assistants in order to support and educate children with a need for a special education] (I. Altynsarin NAE, Astana, 2018, 96 p.).
10. Arshatskaya O.S. Psihologicheskaja pomoshh' detjam rannego vozrasta pri formirujushhemsja sindrome detskogo autizma: vzaimodejstvie specialistov i roditelej [Psychological support for children at early age with emerging childhood autism syndrome: interaction with specialist and parent], Doshkol'noe vospitanie [Preschool education], 8, 63-70 (2006).
11. Nikolskaya O.S., Bayenskaya E.R., Libling M.M., Kostin I.A., Vedenina M.Y., Arshatskiy A.V., Arshatskaya O.S. Autizm: vozrastnye osobennosti i psihologicheskaja pomoshh' [Autism: Age features and psychological help] (Polygraph service, Moscow, 2003, 232 p.).
12. Saenko Y.V. Special'naja psihologija [Special Psychology] (Taganrog Institute of Management and Economics, Taganrog, 2018, 142 p.).
13. Obuchenie detej s narushenijami intellektual'nogo razvitiya: (Oligofrenopedagogika) [Educating kids with intellectual disabilities: (Oligofrenopedagogy)]: Textbook for students of a higher educational institution. Editor Puzanov B.P. (Publishing center "Academy", Moscow, 2001, 272 p.).
14. Informacionno-metodicheskij sbornik materialov po okazaniyu uslug v sfere kul'tury detjam s RAS [Informational –methodical collection of materials on the provision of cultural services to children with ASD]. For specialist of cultural and leisure facilities. Compiled by Surgutskov S.S. (Khanty-Mansiysk, 2018, 35 p.).
15. Barbara Marry Lynch, Rasmussen Tracy. Detskij autizm i verbal'no-povedencheskij podhod. Obuchenie detej s autizmom i svjazannymi rasstrojstvom [Childhood autism and verbal – behavioral approach. Educating children with autism and disorders related to it]. Translated from English D.G. Sergeeva. Rescription to Russian Romeka V.G. Prescription M. Sandberg. 2nd edition (Rama Publishing, Yekaterinburg 2017, 304 p.).

Авторлар жайлы мәліметтер:

Абенова К.А. - PhD, қауымдастырылған профессор, Нархоз Университеті, Джандосов көш., 55, Алматы, Қазақстан.

Амирбекова Г. Е. - «Әлеуметтік жұмыс» мамандығының 3 курс докторанты, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Масанчи көш., 39, Алматы, Қазақстан.

Abenova K.A. - PhD., Associate Professor, University Narxoz, st.Dzhandosova - 55, Almaty, Kazakhstan

Amirbekova G.Y. - PhD student of the specialty "Social Work", Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.